Ұлттық тестілеу орталығының ақпараты

Ағымдағы жылда ҚР БҒМ тестілеу қорытындылары бойынша белгіленген ең төмен шекті деңгейіне жетпей немесе тестілеу пәндері бойынша «қанағаттанғысыз» (4 балдан төмен) баға алған, тестілеу нәтижелерімен сертификаттары бар тұлғаларға **қайталама кешенді тестілеуден өтуге рұқсат беру туралы шешім қабылдады.**

Сонымен, аудиторияда ережелерді бұзған үшін және тыйым салынған заттарды пайдаланған үшін шығарып жіберілген тестілеуге қатысушылар тестілеуді қайта тапсыруға кіргізілмейді.

Қайталама кешенді тестілеу шетел ЖОО-н Қазақстанның жоғары оқу орындарына ауысуын жүзеге асыратын студенттер үшін тестілеумен бірге, тамыз айының аяғында өткізіледі.

Өтініштер тамыз айының бірінші онкүндігінде қабылданады.

Құжаттарды қабылдау және тестілеуді өткізу Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген жоғары оқу орындарының қабылдау комиссияларымен жүзеге асырылады. Тестілеу ақылы негізде, бағалардың бекітілген баға көрсеткіші шектерінде жүргізіледі (ҚР ЖОО-а түсу тестілеуін өткізу - 2242 теңге).

Қайталама кешенді тестілеуге 4 пәнді тапсыруы кіреді, олардың 3 - міндетті:

- оқыту тілі (қазақ немесе орыс тілі);
- математика;
- Қазақстан тарихы;
- бір пән таңдау бойынша, таңдаған мамандығына қарай. Тестілеудің уақыты - 2 сағат 30 минут.

Қалыптасқан практика бойынша, тестілеу нәтижелері тестілеу болған күні хабарланады. Тестілеудің бұл түрінде апелляцияны өткізу рәсімі қарастырылмаған.

Белгіленген ең төмен шектік деңгейге жеткен жағдайда қайталама кешенді тестілер қорытындылары бойынша **Қазақстан Республикасы ЖОО-ның ақылы бөлімдеріне** түсуге рұқсат беріледі.